

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 желтоқсан N 1228. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.17. N 741 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі туралы ұсынылып отырған Ереже бекітілсін.
2. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" 1969 жылғы 5 маусымдағы N 365 қаулысы (Қазақ КСР ҚЖ, 1969 ж., N 12, 59-бап) күшін жойды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер - министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 желтоқсандағы

N 1228 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік
жағынан қорғау министрлігі туралы

Е р е ж е

I . Ж а л п ы е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі (мұнан былай - Министрлік) зейнеткерлерде мүгедектерді, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды қажет ететін адамдардың еңбекке жарамсыз басқа да топтарын әлеуметтік қорғау саласындағы біртұтас мемлекеттік саясатты және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырушы мемлекеттік басқарудың орталық органы болып табылады.

Министрлік өз жұмысын орталықтағы өкілетті және атқару органдарымен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктермен өзара тығыз қатынаста жүзеге асырады.

Министрлік, оның қарауындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының халықты әлеуметтік қорғау органдары, сондай-ақ республиканың Зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғаудың біртұтас мемлекеттік жүйесін

қ ұ р а й д ы .

2. Министрлік өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, республика Жоғарғы Кеңесінің заңдары мен басқа да шешімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын және осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

II. Негізгі міндеттері мен қызметтері

3. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың және бағдарламалардың негізгі бағыттарын әзірлеп, олардың жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

Министрлік шешетін мәселелерге қатысты заңдарды жетілдіру туралы ұ с ы н ы с т а р д а я р л а у ;

зейнетақымен, жәрдемақымен және басқа әлеуметтік төлемдермен мемлекеттік қамтамасыз етуді, сондай-ақ қарт азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

зейнетақылардың барлық түрін төлеу үшін берік қаржы негізін жасау мақсатында республиканың Зейнетақы қорының және оның жергілікті бөлімшелерінің жұмысын қамтамасыз ету;

халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде біртұтас ақпараттық технологияны жасап, енгізу, сондай-ақ ақпараттарды өндеудің автоматтандырылған жүйесін қ ұ р у ;

қолданылып жүрген заңды пайдалануға байланысты жер-жерлердегі халықты әлеуметтік қорғау органдарына ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсету;

ардагерлер мен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің жұмысына ықпал е т і п , қ о л д а у ж а с а у ;

медициналық-әлеуметтік сарап жұмысын, мүгедектерді оңалтуды ұйымдастырып, оған басшылық жасау, сондай-ақ мүгедектердің жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымдарға қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды орындауға белгіленген тәртіпте қатысу;

мемлекеттік қолдауды қажет ететін зейнеткерлерді, мүгедектерді, кәмелетке жасы толмаған балалары бар отбасыларын қолдау мақсатында қоғамдық бірлестіктердің, мекемелер мен ұйымдардың, қайырымдылық қорларының және басқа әлеуметтік-мәдени құрылымдардың орталық органдар мен облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының өкілетті және атқару органдарымен өзара і с - қ и м ы л ы н ү й л е с т і р у .

4. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау

министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай қызметтерді жүзеге асырады :

а) зейнетақымен қамсыздандыру және жәрдемақы беруді ұйымдастыру саласында :

зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындап, төлеу және жеткізіп беру жөніндегі ұйымдастыру және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

зейнетақылар мен жәрдемақылар төлемдерін қаржымен қамтамасыз етеді;

зейнетақымен қамсыздандыруды жетілдіру және жәрдемақы беру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді ;

жеңілдікті зейнетақылармен қамсыздандырылуға хұқық беретін өндірістердің , жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің тізімін жасау мәселесі бойынша басқа министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен өзара қарым-қатынаста болып, келісілген ұсыныстарды даярлайды ;

б) әлеуметтік қызмет көрсету саласында:

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының атқарушы өкімет органдарының қатысуымен қарт азаматтарға, мүгедектерге, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына және мемлекеттік қолдауды қажет ететін халықтың басқа да топтарына әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуді, сондай-ақ оларға заңда белгіленген жеңілдіктерді, санаторий-курорттық ем алуға жолдамаларды және арнайы жүріп-тұру құралдарын беруді, әлеуметтік қамсыздандыру мекемелеріндегі қарт азаматтар мен мүгедектерге материалдық-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік және мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастырады ;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелер жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз етеді, салада нарық қатынастарының дамуына жәрдем көрсетеді ;

в) мүгедектерді медициналық-әлеуметтік сараптан өткізу, оңалту және протез-ортопедия көмегін көрсету саласында:

мүгедектерді медициналық-әлеуметтік сараптан өткізу мен оңалту қызметіне басшылықты жүзеге асырады ;

мүгедектер мен қарт азаматтарға арналған инфрақұрылым объектілеріне барып-тұруды қамтамасыз ететін қала салу саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады ;

мүгедектер мен зейнеткерлердің еңбегін пайдаланатын арнайы кәсіпорындарды құрып, дамытуға, еңбектің үйде істелетін түрлерін және еңбекке қамтудың басқа да нысандарын дамытуға жәрдемдеседі;

мүгедектерді оңалтудың арнайы көлік құралдарын, бейімдеу және басқа техникалық құралдарды өндіруге мұқтаждықты анықтап, берілген

тапсырыстарды орындайды және оларға күтім жасауды жүзеге асырады; халыққа протез-ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыруды, басқа министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының атқару өкіметі органдарымен бірлесіп протез-ортопедия бұйымдарын жасауды арттыру және оларды әзірлеу технологиясын жетілдіру, сондай-ақ олардың жаңа түрлерін өндіру жөніндегі жұмысты жүргізуді қамтамасыз етеді;

г) халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі заң саласында: мүдделі орталық органдармен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының атқару өкіметі органдарымен бірлесіп халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі заңды жетілдіру туралы ұсыныс әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді, Министрліктің құзырына жатқызылған мәселелер бойынша заңдардың қолданылу практикасын қорытады; Министрліктің қарауына жататын мәселелер бойынша республиканың министрліктері мен ведомстволарының заң және басқа нормативтік актілерінің жобалары жөнінде қорытынды әзірлейді;

д) қаржы және шаруашылық жұмыстары саласында: Министрлік жүйесіндегі экономикалық және қаржылық жұмысты, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыруды ұйымдастырады; халыққа алуан түрлі әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру жөнінде экономикалық негіздер әзірлейді; зейнеткерлерге, мүгедектерге, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларына және мемлекеттік қолдауды қажет ететін адамдардың басқа да топтарына қатысты салық саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қ а т ы с а д ы ;

халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлеріне еңбекақыны ұйымдастыру, нормалау және төлеуді жетілдіру жөніндегі шараларды өз құзыретінің шегінде жүзеге асырады;

Министрлікке ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық жұмыс жөніндегі баланстары мен есеп-қисаптарын қарайды; республиканың әлеуметтік қорғау жүйесінде ішкі ведомстволық бақылауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

республикалық Зейнетақы қоры қаржыларының толығымен, уақытында келіп түсуіне және олардың өз мақсатында жұмсалуына бақылау жасайды;

әлеуметтік қорғау органдары жүйесінде кадрларды даярлау мен орналастыру, біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды ұйымдастырып, өткізеді;

азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын қолданылып жүрген заң белгілеген мерзімдерде қарап, олар бойынша қажетті шаралар қабылдайды, әлеуметтік мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды жүзеге

а с ы р а д ы ;

е) халықаралық ынтымақтастық саласында:

еңбекке жарамсыз адамдардың әлеуметтік жағдайы мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың жұмысына белгіленген тәртіп бойынша қ а т ы с а д ы ;

еңбекке жарамсыз адамдарды әлеуметтік қорғау саласында шетелдік серіктерімен өз құзыреті шегінде шарттарды даярлауға және жасасуға қатысады;

халықаралық келісімдерге сәйкес республика аумағында тұратын шетел азаматтарын зейнетақымен қамсыздандырып, жәрдемақы беру, әлеуметтік қызмет көрсету мәселелерін шешеді.

III. Жұмысын ұйымдастыру

5. Министрлік өз құзыреті шегінде;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар мен мекемелерде, сондай-ақ халықты әлеуметтік қорғау саласының аумақтық органдарында қолданылып жүрген заңдардың дұрыс пайдаланылуына бақылау жасайды;

зейнеткерлерді, мүгедектерді, жасы кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын және халықтың мемлекеттік қолдауды қажет ететін басқа да топтарын әлеуметтік қорғаумен байланысты мәселелер бойынша республиканың министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен, облыстардың және Алматы Ленинск қалаларының өкілетті әрі атқару органдарымен бірлесіп әрекет жасайды;

әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде халықты хабардар етіп отырады.

6. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігін Министр басқарады, оны Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ұсынуы бойынша қызметке Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайды және қызметтен босатады.

Халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасарларын болады, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды. Орынбасарлар атқаратын міндеттерді Министр бөледі.

7. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау м и н и с т р і :

Министрліктің орталық аппаратының қызметкерлерін, министрлік қарауындағы кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшы қызметкерлерін қызметке тағайындайды және оларды қызметінен босатады, ал министрліктің аумақтық органдарының басшыларын облыс әкімдерінің келісімімен тағайындап, босатады. Министрліктің қарауындағы кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың құрылымына өзгеріс енгізіп о т ы р а д ы ;

Министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына тікелей береді, Министрдің орынбасарларының, басқармалар, бөлімдер бастықтарының және министрліктің басқа да бөлімшелері басшыларының Министрлік жұмысының жекелеген салаларына басшылық жасау, Министрлік жүйесінің мекемелері мен ұйымдарының жұмысына жауапкершілігі деңгейін белгілейді;

Министрлік өз құзыреті шегінде, қолданылып жүрген заңдар негізінде әрі Президенттің жарлықтарын, қаулыларын және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін орындау үшін облыстардағы, қалалардағы, аудандардағы халықты әлеуметтік қорғау органдары, ведомстволық бағыныстағы басқа да мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулар мен түсініктемелер шығарады;

қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірлесіп бұйрықтар, нұсқаулар мен түсініктемелер шығарады;

қызметтік жалақы жүйесіне сүйене отырып, еңбекке ақы төлеу қоры мен қызметкерлер санының белгіленген шегінде Министрлік орталық аппаратының, штаттық кестесін, сондай-ақ аппараттың және оның қарауындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, оқу орындарының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді.

Ескерту. 7-тармақтың 6 абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

8. Министрлікте құрамына Министр (төраға), қызметі бойынша Министрдің орынбасарлары, сондай-ақ саланың басқа да басшы қызметкерлері енетін алқа құрылады.

Министрліктің алқа мүшелерін Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

9. Министрліктің алқасы өзінің жүйелі түрде өткізіп тұратын мәжілісінде халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі мәселелерін қарайды, облыс, қала және аудан басқармалары мен бөлімдерінің, өзіне ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдар басшыларының баяндамаларын, министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің есептерін, тапсырмалардың орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу және тәрбиелеу мәселелерін тыңдайды.

Алқа шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрығымен немесе хаттама шешімдерімен жүзеге асырылады. Министр мен алқа арасында келіспеушілік жағдай туындаған кезде, Министр туындаған келіспеушіліктер туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне хабарлай отырып, өз шешімін жүзеге асырады, ал алқа мүшелері, өз кезегінде, пікірлерін Қазақстан Республикасының

Министрлер кабинетіне хабарлай алады.

10. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан

қорғау министрлігі заңды мекеме болып табылады, тұрақты балансы, банкі мекемелерінде есеп айырысу және басқа (оның ішінде валюталық) есептері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, қазақ және орыс тілдерінде өзіндік атауы бар. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орналасқан жері - Алматы қаласы.